

**"Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы № 502 бұйрығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 6 сәуірдегі N 173 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 6 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6216 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 13 тамыздағы № 359 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.08.13 № 359 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдауды жүзеге асыру үшін тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсат беру тәртібін және рұқсат беруден бас тарту негіздерін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру ережесін және беруден бас тарту негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы № 502 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2558-нөмірмен тіркелген және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы Нормативтік-құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, № 43-48, 895-бет) мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрақты емес ұшуларды орындауға арналған рұқсаттарды беру және беруден бас тарту ережесінде:

1 4 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:  
«тұрақты емес ұшу Еуропалық одақтың құрамына кіретін елдерден о р ы н д а л а д ы ; » ;

«тұрақты емес ұшу жеке мақсаттағы чартерлік рейс болып табылады;»;

5) тармақша мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:  
«тұрақты емес ұшу Еуропалық одақтың құрамына кіретін елдерге о р ы н д а л а д ы ; » ;

«тұрақты емес ұшу жеке мақсаттағы чартерлік рейс болып табылады;»;

б) тармақша мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын:  
«, чертерлік рейсті жеке мақсатта орындау немесе қызметтік сапарда немесе көмек көрсету үшін тасымалдауларды ескермеген жағдайларда ғана;»;

1 1 - т а р м а қ т а :

о н ү ш і н ш і а б з а ц а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Ә. Құсайынов*